

Алматы қаласы Әкімшілігінің 28.01.02 жылы N 1/73 "Ұлы Отан соғысына қатысушылары мен мүгедектеріне қалалық қоғамдық көлікте жүруіне арналған жеңілдіктері туралы" қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы Әкімшілігінің 2002 жылғы 16 қыркүйектегі N 4/601 қаулысы. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2002 жылғы 3 қазанда N 471 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 7 қарашадағы № 4/910 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2011.11.07 № 4/910 қаулысымен.

Алматы қаласының Әкімшілігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Келесі мағынада өзгертулер енгізілсін:

1) "Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектері үшін қалалық қоғамдық көлікте жүруіне жеңілдіктер беру туралы" Ереженің 3-ші тармағы келесі редакцияда баяндалсын:

"Еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау Департаменті аудандық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау орталықтары арқылы Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектеріне жол жүру билеттерін тапсыруды ұйымдастырады.

Ұлы Отан соғысына қатысушы мен мүгедектің Алматы қаласынан кетіп қалған немесе қайтыс болған жағдайда жол жүру билеттері аудандық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау орталығына қайтарылады. Жоғалып қалған билеттің орнына оның Көшірмесі (Дубликат) беріледі.

Мемлекеттік зейнетақы төлемдері жөніндегі орталықтың Алматы қалалық филиалы әр айдың 20-шы жұлдызына Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектердің тізімдерін Алматы қалалық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау Департаментіне ұсынады.

Жол жүру билеті, Ұлы Отан соғысына қатысушы немесе мүгедегі науқастанған жағдайда, оған күтім жасаған, туыстық қатысын дәлелдейтін құжатын көрсеткен жақын туысқанына (жұбайы, балалары, бауырлары) берілуі мүмкін.

Бұл жағдайда билеттің теріс жағына жақын туысқанның аты-жөні жазылып, аудандық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау орталығының мөрі қойылады.

Мұндай билет қалалық қоғамдық көлікте Ұлы Отан соғысына қатысушы немесе мүгедегі куәлігін көрсеткенде жарамды болып табылады".

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы Әкімінің орынбасары
А.Қ.Бижановқа жүктелсін.

Алматы қаласының Әкімі

Әкімшілік хатшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ